

ӘОЖ 81'246.3

Айнұр МӘШІМБАЕВА

Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ – «ҮШ ТҰҒЫРЛЫ ТІЛ САЯСАТЫНЫҢ» БАСТЫ ТІРЕГІ

Аңдатпа:

Мақалада қазіргі қоғамдағы үштұғырлы тіл мәселесі сөз етіледі. Оның ішінде мемлекеттік тілдің даму жолдары, артықшылықтары мен кемшіліктері талданады. Қоғамның түрлі салаларындағы мемлекеттік тілдің қолданыс аясы айқындалады.

Тірек сөздер: үштұғырлы тіл, мемлекеттік тіл, халықаралық тіл, тіл саясаты, ұлтаралық тіл

Ключевые слова: трёхязычие, государственный язык, международный язык, языковая политика, межнациональный язык.

Keywords: trilinguism, national language, international language, language policy.

Қазақ тілі үш тілдің біреуі болып қалмайды. Үш тілдің бірінісі, негізгісі бастысы, маңыздысы бола береді.

Н. Ә. Назарбаев

Қазақ қоғамында бүгінгі күні үштұғырлы тіл саясаты өзекті мәселеге айналып отыр. Осыған орай үш тілді қатар алып қолдану, түрлі салаларға енгізу, қоғамдық қажеттілік тудыру жағдайларын талдап көрсетудің маңызы зор. «Үштұғырлы тіл» туралы идеяны мемлекет басшысы 2006 жылдың қазанында өткен Қазақстан халқы ассамблеясының XII құрылтайында жария етті. Ал 2007 жылғы “Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан” атты халыққа жолдауында “Тілдердің үштұғырлылығы” атты мәдени жобаны кезең-кезеңмен іске асыруды ұсынды. Қазақстан халқының рухани дамуымен қатар, бұл идея ішкі саясатымыздың жеке бағыты болып белгіленді. Яғни, идеяның негізі мынадай: Қазақстанды бүкіл әлем халқы үш тілді бірдей пайдаланатын жоғары білімді мемлекет ретінде тануы керек. Олар: қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлт-аралық қарым-қатынас тілі және ағылшын тілі – жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі. Басқаша айтқанда, үштұғырлы тіл идеясын мынадай әрі қарапайым, әрі түсінікті формуламен көрсетуге болады: мемлекеттік тілді дамытамыз, орыс тілін қолдаймыз және ағылшын тілін үйренеміз. Айта кетелік, үштұғырлы тіл жай ғана әдемі тұжырымдама немесе тілдік саясаттың жаңа формасы ретінде пайда болған жоқ, ол – өмірлік қажеттіліктен туындаған игілікті идея. Өйткені, қазіргі кезде күллі әлемге есігін айқара ашып, “ақылды” экономиканы енгізіп жатқан елдер қарыштап дамуда. Қай заманда болсын, бірнеше тілді меңгерген мемлекеттер мен халықтар өзінің коммуникациялық және интеграциялық қабілетін кеңейтіп отырған. Мысалға, ежелгі дүниедегі Мысырдың өзінде бірнеше тілді білетін мамандар иерархиялық сатымен жоғарылап, көбіне салық төлеуден босатылған. Яғни, бүгінгі таңда ТМД мен Орталық Азияның көшбасшы мемлекетіне айналған Қазақстан үшін үштұғырлы тіл – елдің бәсекеге қабілеттілікке ұмтылуда бірінші баспалдағы. Өйткені, бірнеше тілде еркін сөйлей де, жаза да білетін қазақстандықтар өз елінде де, шетелдерде де бәсекеге қабілетті тұлғаға айналады. Атап айтарлығы, көпұлтты Қазақстанның жағдайында “Үштұғырлы тіл” ұлттық жобасы қоғамдық келісімді нығайтудың негізгі факторы болып саналады. Алайда, еліміздегі негізгі үш тілді дамытуға басымдық беру – басқа халықтардың тілдерін назардан тыс қалдыру деген сөз емес. Мәдениеттер мен тілдердің саналуандығы – бұл біздің ұлттық байлығымыз. Ал “Үштұғырлы тіл” идеясының құрамдас бөлігі – ағылшын тілін үйрену. Жасыратыны жоқ,

бүгінгі таңда ағылшын тілін меңгеру дегеніміз – ғаламдық ақпараттар мен инновациялардың ағынына ілесу деген сөз. Оған қоса, ағылшынша білсең – әлемдегі ең үздік, ең беделді жоғары оқу орындарында білім алуға мүмкіндігің мол. Тіпті, оқуыңды тәмамдаған соң, біршама уақытқа шетелде қалып, еңбек етуің үшін де бұл қалып, еңбек етуің үшін де бұл тамаша мүмкіндік. Ең бастысы, ағылшын тілін білу – бұл іскерлік қарым-қатынас және әлемнің кез-келген нүктесінде бизнеспен айналысу үшін міндетті талап. Қазақстандағы үштұғырлы тіл саясаты – бұл елімізді, оның әлеуетін одан әрі нығайтуға бағытталған тұтас тұжырымдама. Іс жүзінде тілдердің үштұғырлылығы идеясы бәсекеге қабілетті Қазақстанның ұлттық идеологиясының бір бөлшегі болып табылады. Яғни, мемлекет әрбір қазақстандық үшін үш тілді білу – әркімнің жеке дамуының міндетті шарты екендігін әрдайым есте ұстауды қалап отыр. Бұл бүгінгі қазақстан жағдайында:

- Қазақ тілі – мемлекеттік тіл
- Орыс тілі – ұлтаралық қарым-қатынас тілі
- Ағылшын тілі жаһандық экономикаға кіру тілі

Басқаша айтқанда:

- мемлекеттік тілді дамытып,
- орыс тілін қолдап,

ағылшын тілін үйрену қажет. Қазақстан экономикасының дамуына байланысты үштілділіктің пайда болу негіздері келесі бағыттардан тұрады:

- Қазақстанның ұлттық тілі
- Қазақстанның мемлекеттік тілі
- Қазақстанда тұратын түрлі ұлт өкілдерінің қарым-қатынас тілі
- Қазақстанның ресми тілі
- Ақпараттық технология тілі
- Халықаралық қарым-қатынас тілі
- Заман талабы

Белгілі қызмет атқару үшін, жеке тұлға ретінде қалыптасу үшін әр азамат мемлекеттік тілді білу қажеттілігі келесі факторларды туындатады. Негізгі факторлар:

- Мемлекеттік тілге басымдық бере отырып, ұлтты жойылып кетуден сақтап қалу.
- Жолдары:
- Медицина, техника, дипломатиялық қарым-қатынас, экономика саласы терминдерінің мемлекеттік тілдегі қолданысын дамыту
- Қазақстанның әрбір тұрғынын мемлекеттік тілде сөйлеуге ынталандыру:
- Мемлекеттік тілді оқытудың әдістемелерін жетілдіру,
- Мемлекеттік тілді алдымен қазақтарға үйрету, сан жағынан көп болғанмен де олар тілді тек тұрмыстық деңгейде ғана меңгерген;
- Жұмысқа тұру кезінде мемлекеттік тілге қолдау көрсету;

Үш тұғырлы білім алудың үшінші тірегі ағылшын тілін білу қажеттілігі заман талабынан туындап отыр. Қазақстан экономикасын дамыту үшін ағылшын тілін білу қажеттілігін бағалаудың негізгі міндеттері мынадай:

- Ғаламдық ақпараттар мен инновацияға ілесе алу;
- Әлемдегі ең үздік жоғары оқу орнында білім алу;
- Әлемдік бизнеспен айналыса алу;
- Шетелде еңбек ете алу;
- Жоғары табыс көзіне ие болу

Тілді жетік меңгеру арқылы көздеген мақсатқа жетудегі үш тұғырлы саясаттың артықшылығы келесідей бағаланады. Бұл аталған саясат дұрыс іске асқанда:

- Білікті, құзіретті маман қалыптасады;
- Маман арқылы Қазақстанның экономикасы дамиды;

- Ағылшын тілін жетік білетін маман арқылы Қазақстанның кәсіби мамандары қалыптасады.

Әр нәрсенің екі жақты мүмкіндігі болатындықтан аталған саясаттан мемлекеттік тіл зардап шегуі мүмкін. Осыған орай үш тұғырлы саясаттың кемшілігі көрініс табады. Мысалы, Қазақ тілі – мемлекеттік тіл статусына ие болғанмен:

- Мемлекеттік тілге қоғамдық қажеттілік күшті емес;
- Бұқаралық ақпарат құралдары мен гуманитарлық сала, ауызекі тіл мен қазақ ұлтының әдеби тілі ғана болып отыр.
- Билік саласында мемлекеттік тіл аударма тілі ретінде ғана қолданылуда
- Түрлі мамандық салаларында мемлекеттік тіл толық қолданыс таба алмауда. Бұл мемлекеттің тілдің қолданыс аясының әлсіздігін көрсетеді.

Қазақстан өнер жоғары оқу орындарының бірегейі саналатын Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясындағы тілдік ахуал жағдайы келесідей:

- Іс-қағаздарының жүргізілуі екі тілде
- Оқытушы-профессорлық құрамның тілдік қолданысы екі тілде;
- Студенттердің тілдік қолданысы екі тілде, бірақ соңғы жылдары мемлекеттік тілді қолданушы студенттер саны артуда;
- Оқу құралдары мен әдістемелік құралдар тілі екі тілде, ресми тілдегі оқу құралдары басым.

Ағылшын тілі арнайы пән ретінде жүргізіледі, мамандық тілінде меңгеру - уақыт пен оқу құралдарының, ағылшын тілі мамандарын қажет етеді.

Қорыта келе ғалам болып жатқан өзгерістерге байланысты бүгін болмаса да, ертең үш тілді жетік меңгеру талабы туындап отыр. Осы орайда, маман ретінде, қоғамның күзіретті білікті тұлғасына айналу үшін Қазақстан Республикасындағы үштұғырлы тіл саясатын қолдау - әр азаматтың парызы. Өйткені, аталған саясатты дұрыс жүзеге асыра білу – әр тұлғаның шығармашылық дамуына, жоғары табыс табуына жасалып жатқан жағымды жағдай. Қазақстан президенті Н.Ә. Назарбаев: «Қазақ тілі – біздің рухани негізіміз. Біздің міндетіміз – оны барлық салада белсенді пайдалана отырып дамыту. Бұл - өзін қадірлейтін әрбір адам дербес шешуге тиісті міндет. Біз алдағы уақытта да мемлекеттік тілді дамыту жөніндегі кешенді іс-шараларды жүзеге асыруды табандылықпен жалғастыра береміз. Сол арқылы мемлекеттік тілді ең бірінші орынға қойып, дамыта береміз».

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазақстан президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы (2015 жыл)

References (transliterated)

1. Қазақстан президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы (2015 жыл)

Айнур МАШИМБАЕВА

ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ЯЗЫК – ОСНОВА «ПОЛИТИКИ ТРЁХЪЯЗЫЧИЯ»

Резюме

В статье речь идёт о проблемах трёхъязычия в нашем современном обществе. При этом анализируются пути развития, преимущества и недостатки во внедрении государственного языка. А также определяется траектория применения государственного языка в различных сферах нашего общества.

Ключевые слова: трёхязычие, государственный язык, международный язык, языковая политика, межнациональный язык.

Aynur Mashimbayeva

THE STATE LANGUAGE AS A BASIS OF “TRILINGUISM POLITICS”

Abstract

In this article we are talking about the problems of trilinguism in modern society. The ways of development, strengths and weaknesses in the implementation of the state language are analyzed as well as the trajectory of the state language application in various spheres of our society is determined.

Keywords: trilinguism, national language, international language, language policy.

Автор туралы мәлімет:

Мәшімбаева Айнұр Жақыпалиевна – филология ғылымдарының кандидаты, доцент; Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы

Сведения об авторе:

Машимбаева Айнур Жакыпалиевна – кандидат филологических наук, доцент кафедры социально-гуманитарных наук Казахской национальной консерватории им. Курмангазы.

Information about author:

Aynur Mashimbaeva – candidate of Philology, docent of Social and Human Sciences department of Kurmangazy Kazakh National Conservatory.